

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2024 жылғы 25 қыркүйектегі  
№ 658 Жарлығымен  
БЕКІТІЛГЕН

Мемлекет басшысының 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім,  
қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі  
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

| P/c № | Іс-шараның атауы   | Аяқталу нысаны                   | Жауапты орындаушылар  | Орындалу мерзімі  |
|-------|--|----------------------------------|---|-------------------|
| 1     | 2  | 3                                | 4   | 5                 |
| 1.    | Ақша-кредит және фискалдық саясат арасындағы теңгерімсіздіктерді жою бойынша келісілген ұсыныстар енгізу   | Президент Әкімшілігіне ұсыныстар | Үкімет, ҰБ  | 2024 жылғы қараша |
| 2.    | Экономиканың орнықтылығы мен үдемелі өсуі үшін банктерді кәсіпкерлік, оның ішінде шағын және орта бизнес субъектілеріне кредит беруді ұлғайтуға ынталандыру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау           | Президент Әкімшілігіне ұсыныстар | Үкімет, ҚНРДА, ҰБ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша) | 2024 жылғы қараша |
| 3.    | Банк секторына акционерлерге төленетін дивидендтерді ескере отырып, теңгерімді салық салуды енгізу жөніндегі шараларды қабылдау  | Президент Әкімшілігіне ақпарат   | Үкімет, ҚНРДА, ҰБ   | 2025 жылғы шілде  |
| 4.    | Экономикалық белсенділікті және қаржылық технологияларды дамытуды ынталандыру жөніндегі міндеттерді ескере отырып, банк қызметін және кредиттік ұйымдардың қызметін реттейтін жаңа заң жобасын әзірлеу | заң жобасы                       | ҚНРДА, ҰБ, Үкімет, СЖРА   | 2025 жылғы тамыз  |

| 1  | 2  | 3   | 4  | 5                       |
|----|--|---|--|-------------------------|
| 5. | <p>Бюджет заңнамасын жетілдіру бойынша, оның ішінде: бюджеттің кіріс бөлігін, сондай-ақ шығыстарды басымды етудің нақты тетігін енгізе отырып, оларды жоспарлаудың сапасын арттыруға;</p> <p>бюджет тапшылығын азайту мақсатында (соның ішінде бюджетаралық қатынастар саласында) ұтымды өтемақылық тетіктерді енгізуге бағытталған ұсыныстарды тұжырымдау</p>   | Президент<br>Әкімшілігіне<br>ұсыныстар          | Үкімет, ҰБ   | 2024 жылғы<br>қазан     |
| 6. | <p>Мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін Ұлттық қордың активтерін басқарудың тиімділігін арттыру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау</p>   | Президент<br>Әкімшілігіне<br>ұсыныстар          | ҰБ, Үкімет, ЖАП  | 2024 жылғы<br>желтоқсан |
| 7. | <p>Мыналарды көздейтін жаңа Салық кодексін қабылдау: арнаулы салық режиміне жататын қызмет түрлерін (тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді негізінен тұтыну секторында: қоғамдық тамақтандыру, қонақ үйлер, үй жанындағы дүкендер, туризм объектілері, тұрмыстық көрсетілетін қызметтер және т.б. өткізуді жүзеге асыратын) түбегейлі түрде қысқарта отырып, бөлшек салықтың қолданыстағы режимінің шарттарын сақтау;</p> <p>жеке табыс салығы мөлшерлемелерінің сараланған шәкілін белгілеу;</p> <p>мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары қолданылмай хабарламалар жіберілетін салық берешегінің шегін ұлғайту;</p> <p>салық берешегі шегінде ғана шектеулер қою;</p> <p>кепілді қамтамасыз етусіз салықтар бойынша берешекті төлеу бойынша бөліп төлеуді ұсыну;</p> <p>жоспар бойынша салықтық тексерулерден бас</p> | Президенттің қол<br>қоюына енгізілген<br>Кодекс | Үкімет, ҰБ,<br>ҚНРДА, СЖРА,<br>«Атамекен» ҰКП<br>(келісім бойынша) | 2025 жылғы<br>маусым    |

| 1   | 2   | 3  | 4  | 5   |
|-----|---|--|--|---|
|     | <p>тартуға бағытталған тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру;<br/> өндірісті дамытуға (активтерді салуға, сатып алуға, жаңғыртуға, реконструкциялауға) бағытталған инвесторларға есептілік беруді және преференцияларды сақтауды қоса алғанда, қолданыстағы салықтық жеңілдіктерді, сондай-ақ өңделу деңгейі жоғары өнімдерді экспорттаушыларға арналған жеңілдіктерді қайта қарау</p> |  |  |   |
| 8.  | <p>Салық саласындағы негізгі процестерді электрондық форматқа көшіре отырып, интеграцияланған жүйені енгізу арқылы салықтық әкімшілендіруді толық цифрландыруды қамтамасыз ету</p>  | <p>пайдалануға беру<br/> актісі</p>        | <p>Үкімет,<br/> ҰҚК</p>  | <p>2025 жылғы<br/> желтоқсан</p>                              |
| 9.  | <p>Салықтық әкімшілендіруді цифрландыру мақсатында фискальдық органдардың ақпараттық жүйелеріне қажетті деректер беруді қамтамасыз ету</p>  | <p>Президент<br/> Әкімшілігіне ақпарат</p> | <p>Үкімет,<br/> ҰБ</p>   | <p>2024 жылғы<br/> желтоқсан,<br/> 2025 жылғы<br/> маусым</p> |
| 10. | <p>Шекара маңындағы кедендік бекеттер бойынша жұмыстарды аяқтауға және сыртқы сауда операцияларынан түсетін кірістердің басқа юрисдикцияларға заңсыз «ағынына» жол бермеуге бағытталған шаралар кешенін іске асыру</p>  | <p>Президент<br/> Әкімшілігіне ақпарат</p> | <p>Үкімет,<br/> ҰҚК</p>  | <p>2025 жылғы<br/> қаңтар, шілде</p>                          |
| 11. | <p>Халықаралық қаржы институттарының қатысуымен мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің «толығымен дайын» ауқымды жобаларының пулын қаржыландыру үшін дайындау</p>  | <p>Президент<br/> Әкімшілігіне ақпарат</p> | <p>Үкімет,<br/> «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ</p> | <p>2025 жылғы<br/> наурыз,<br/> желтоқсан</p>                 |
| 12. | <p>Мемлекеттік кәсіпорындардың мақсаттарын, функцияларын, қаржыландыру түрлерін, әдістерін</p>  | <p>Президент<br/> Әкімшілігіне ақпарат</p> | <p>Үкімет, ЖАП,<br/> БҚДА, «Самұрық-</p>                         | <p>2025 жылғы<br/> шілде</p>                                  |

| 1   | 2   | 3                                | 4  | 5                                       |
|-----|---|----------------------------------|--|---|
|     | және қызметінің басқа да аспектілерін регламенттеу арқылы оларды басқару саясаты саласындағы заңнаманы жетілдіру  |                                  | Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ                  |   |
| 13. | Үкімет пен холдингтердің қаржылық өзара қарым-қатынастарын реттеу мәселелері бойынша жүйелі шаралар тұжырымдау  | Президент Әкімшілігіне ұсыныстар | Үкімет, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ | 2024 жылғы ақпан                        |
| 14. | Инвестициялық ахуалды жақсарту үшін жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін бақылаумен және қадағалаумен тексеруді реттеу бойынша кешенді шаралар қабылдау  | Президент Әкімшілігіне ақпарат   | Үкімет, БП   | 2025 жылғы наурыз                       |
| 15. | Активтерді қайтару бойынша заңнамаға:<br>активтерді сатып алудың заңсыздығын міндетті түрде мойындаусыз, оларды ерікті түрде қайтару тетігін бекітуге;<br>ұлттық экономикаға және әлеуметтік-мәдени объектілерін салуға қаражатты инвестициялау түрінде активтерді қайтару мүмкіндігі бойынша шарттарды бекітуге;<br>мемлекетке қайтарылған активтер және оларды нысаналы пайдалану бойынша есептілік мәселелерін ретке келтіруге бағытталған өзгерістер енгізу | заң жобасы                       | Үкімет, БП   | 2025 жылғы наурыз                       |
| 16. | Мемлекеттік қолдау шараларының бірыңғай тізілімін қалыптастыра отырып, бизнесті қолдаудың қолданыстағы шараларының тиімділігі тұрғысынан оларға тексеру жүргізу   | Президент Әкімшілігіне ақпарат   | Үкімет, СЖРА, ЖАП, «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша)  | 2025 жылғы мамыр                        |
| 17. | Тікелей субсидиялаудан, оның ішінде коммерциялық банктердің қаражатын тарту есебінен қолжетімді кредиттеуді қамтамасыз етуге көшу арқылы агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржыландыру  | Президент Әкімшілігіне ақпарат   | Үкімет   | 2025 – 2028 жылдардағы шілде, желтоқсан |

| 1   | 2   | 3                                      | 4  | 5                                  |
|-----|---|--|--|------------------------------------|
|     | көлемін ұлғайту   |  |  |                                    |
| 18. | Мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығындағы статистикалық деректердің анықтығын қамтамасыз ету бойынша, оның ішінде ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге мемлекеттік қолдау көрсету кезінде бұзушылықтарды болғызбауға ықпал ететін жүйелі шараларды тұжырымдау   | Президент<br>Әкімшілігіне<br>ұсыныстар | СЖРА, Үкімет,<br>БП, СЖҚА, ҚМА   | 2025 жылғы<br>ақпан                |
| 19. | Салық төлеуді, инвестициялар тартуды және тиісті ауылдық аумақтарды дамытуды қамтамасыз ететін жұмыс істеп тұрған ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер мен қайта өңдеушілер үшін жер пайдалану құқығын жалғастыру мәселесін бір мезгілде реттей отырып, пайдаланылмайтын немесе бұзушылықтармен берілген жер учаскелерін мемлекетке қайтару рәсімін оңайлату жөніндегі шараларды тұжырымдау | Президент<br>Әкімшілігіне<br>ұсыныстар | Үкімет, БП,<br>Астана, Алматы,<br>Шымкент<br>қалаларының және<br>облыстардың<br>әкімдері                                 | 2025 жылғы<br>қаңтар               |
| 20. | «Ауыл Аманаты» жобасы шеңберінде:<br>жаңа құралды – «тауарлық кредитті» енгізу мүмкіндігін;<br>ауыл тұрғындары өндірген өнімді қайта өңдеу және өткізу инфрақұрылымын құруды;<br>азаматтарды неғұрлым тиімді әрі өнімді ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруге және агроөнеркәсіп технологияларын қолдануға үйрету орталықтарын іске қосуды көздейтін шаралар қабылдау                           | Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат      | Үкімет,<br>облыстардың<br>әкімдері,<br>«AMANAT»<br>партиясы (келісім<br>бойынша),<br>«Атамекен» ҰҚП<br>(келісім бойынша) | 2025 жылғы<br>маусым,<br>желтоқсан |
| 21. | Отандық шикізат пен құрамдауыштарды барынша пайдалануды, жүйе құраушы кәсіпорындардың айналасында аралас өндірістерді жолға қоюды ескере  | Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат      | Үкімет,<br>Астана, Алматы,<br>Шымкент  | 2025 – 2026<br>жылдардағы<br>мамыр |

| 1   | 2   | 3                                 | 4   | 5                                      |
|-----|---|-----------------------------------|---|--|
|     | отырып, ірі жобаларды іске асыру  |                                   | қалаларының және облыстардың әкімдері                                     |  |
| 22. | Саран қаласының экономикалық даму тәжірибесін басқа моноқалалардың экономикасын әртараптандыру үшін қолдану   | Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет,<br>облыстардың<br>әкімдері  | 2025 – 2026<br>жылдардағы<br>шілде     |
| 23. | Алатау қаласының озыңқы дамуына ықпал ететін, оның ішінде инвестициялар, жайлы тұру және еңбек қызметін жүзеге асыру үшін тартымды жағдайлар жасауға бағытталған шараларды тұжырымдау   | Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет, СЖРА,<br>Алматы<br>облысының әкімі                                | 2025 жылғы<br>қаңтар                   |
| 24. | Оқшаулану деңгейі жоғары толыққанды автомобиль жасау кластерін құру   | Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет  | 2026 – 2027<br>жылдардағы<br>желтоқсан |
| 25. | <p>Мыналарға:</p> <p>газ тасымалдау маршруттарының қуатын кеңейтуге және әртараптандыруға;</p> <p>Жаңаөзенде, Қашағанда және Қарашығанақта газды қайта өңдеу кәсіпорындарының құрылысын жеделдетуге;</p> <p>газ кен орындарына геологиялық барлау жүргізуге және жаңа газ кенжатындарын игеруге;</p> <p>ішкі нарыққа газ жеткізілімдерін ұтымды бөлуді, оның ішінде жаңа газ кен орындары пайдалануға берілгенге дейін ЖЭО мен қарапайым тұтынушыларды көмірден газға байыппен ауыстыру арқылы қамтамасыз етуге бағытталған Газ саласын дамыту жөніндегі кешенді жоспарды жаңарту</p> | Үкімет қаулысы                    | Үкімет, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «QazaqGaz» ҰК» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ | 2025 жылғы<br>мамыр                    |
| 26. | Газ саласының инвестициялық тартымдылығын инвестициялардың қайтарымдылығын қамтамасыз ететін газдың ақылға сыйымды тарифтері мен көтерме  | Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «QazaqGaz»                              | 2025 жылғы<br>қаңтар                   |

| 1   | 2   | 3  | 4   | 5                       |
|-----|---|--|---|-------------------------|
|     | бағасын ұсыну есебінен де қамтамасыз ету  |  | ҰК» АҚ,<br>«ҚазМұнайГаз»<br>ҰК» АҚ  |                         |
| 27. | Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі, оның ішінде:<br>тарифтік саясатты ұзақ мерзімді жоспарлау;<br>жаңа жылу және электр генерациялау объектілері мен желілерін салуды және жұмыс істеп тұрғандарын жаңғыртуды қаржы институттары тарапынан ұзақ мерзімді қаржыландыруды қамтамасыз ету;<br>ұзақ мерзімді офтейк-келісімшарттар тетіктерін қолдана отырып, технологиялық жабдықтар өндірісін игеруді қоса алғанда, отандық тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді барынша пайдалану жөніндегі шараларды көздейтін Ұлттық жобаны қабылдау | Үкімет қаулысы                                       | Үкімет, СЖРА,<br>ҰБ, «Самұрық-<br>Қазына» ҰӨҚ»<br>АҚ, «Бәйтерек»<br>ҰБХ» АҚ, Астана,<br>Алматы,<br>Шымкент<br>қалаларының және<br>облыстардың<br>әкімдері | 2024 жылғы<br>желтоқсан |
| 28. | «Көп тұтынсаң – көп төлейсің» қағидаты бойынша коммуналдық ресурстарды тұтынудың нақты әрі ашық нормаларын енгізу   | Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат                    | Үкімет, СЖРА,<br>Астана, Алматы,<br>Шымкент<br>қалаларының және<br>облыстардың<br>әкімдері  | 2025 жылғы<br>наурыз    |
| 29. | «Әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтер» ұғымын заңнамалық тұрғыдан бекіту және оларды мемлекеттік қызметтер көрсету процестеріне ұқсас түрде ұсынуды регламенттеу  | Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат                    | Үкімет, БҚДА  | 2025 жылғы<br>желтоқсан |
| 30. | АЭС салу мәселесі бойынша республикалық референдум өткізу   | референдум өткізудің<br>қорытындылары<br>туралы есеп | ОСК, Үкімет,<br>Астана, Алматы,<br>Шымкент  | 2024 жылғы<br>қазан     |

| 1   | 2  | 3                                 | 4   | 5                                |
|-----|--|-----------------------------------|---|----------------------------------|
|     |  |                                   | қалаларының және облыстардың әкімдері   |                                  |
| 31. | Теміржол желісінің тиісінше жай-күйін қамтамасыз етуге және оның өткізу қабілетін кеңейтуге бағытталған ауқымды жобаларды іске асыруды ескере отырып, 2024 – 2026 жылдар ішінде теміржол жүк тасымалдарының реттелетін тарифтерінің «ҚТЖ» ҰК» АҚ қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ететін рентабельділік деңгейіне дейін кезең-кезеңімен өсуін бекіту | Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет,<br>БҚДА,<br>«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «ҚТЖ» ҰК» АҚ  | 2024 – 2026 жылдардағы желтоқсан |
| 32. | Кемінде 10 мың шақырым облысаралық және ауданаралық автожолдарды жөндеумен қамтамасыз ету  | Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет,<br>«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ,<br>Астана, Алматы,<br>Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері                           | 2025 – 2029 жылдардағы маусым    |
| 33. | Автожол жобаларының (жолдарды, оның ішінде қалаішілік жолдарды салу және жөндеу) іске асырылуын мониторингтеу пен қоғамдық бақылаудың бірыңғай цифрлық платформасын енгізу   | Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет,<br>«Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» РМК,<br>Астана, Алматы,<br>Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері | 2026 жылғы маусым                |
| 34. | «Электрондық үкімет» платформасына жасанды интеллекті технологияларын енгізу   | Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет,<br>ПІБ  | 2025 жылғы маусым,               |



| 1   | 2   | 3   | 4  | 5                         |
|-----|---|---|--|---------------------------|
|     |   |   |  | желтоқсан                 |
| 35. | Астана қаласында мектеп оқушыларына, студенттерге, зерттеушілер мен кәсіпкерлерге бағдарланған Ұлттық жасанды интеллекті орталығын ашу  | Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат   | Үкімет,<br>Астана қаласының<br>әкімі     | 2025 жылғы<br>қазан       |
| 36. | Жасанды интеллекті технологияларын жан-жақты енгізу және деректерді талдау үшін құқықтық жағдайлар жасау  | заң жобасы  | Үкімет,<br>СЖРА, ҰҚК, ПІБ                | 2024 жылғы<br>желтоқсан   |
| 37. | Цифрлық активтер мен майнингті, оның ішінде криптобиржаларды және цифрлық қаржылық активтерді одан әрі дамытуға, майнинг қызметіне әділ салық салуға, цифрлық майнинг саласында электр энергиясын тұтынуды бақылауды күшейтуге бағытталған нормативтік реттеуді жетілдіру | Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат   | Үкімет,<br>ҰБ, ҚМА, ҚНРДА,<br>СЖРА, АХҚО | 2025 жылғы<br>желтоқсан   |
| 38. | Каспий теңізінің түбі арқылы талшықты-оптикалық байланыс желісін тарту жобасын аяқтау   | Қазақстан мен<br>Әзербайжан<br>арасындағы кабель<br>арқылы сигналды<br>өткізу туралы<br>деректерді көрсететін<br>техникалық хаттама | Үкімет,<br>«Қазақтелеком»<br>АҚ          | 2025 жылғы<br>желтоқсан   |
| 39. | Телекоммуникациялар нарығын және деректерді өңдеу орталықтарын дамыту бөлігінде заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу  | заң жобасы  | Үкімет, БҚДА,<br>ҰҚК                     | 2025 жылғы<br>желтоқсан   |
| 40. | Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның киберқауіпсіздік деңгейін арттыру бөлігінде заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу   | заң жобасы  | Үкімет, ҰҚК                              | 2025 жылғы<br>желтоқсан   |
| 41. | Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы мамандардың құзыретін арттыру  | Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат   | Үкімет                                   | 2025 – 2026<br>жылдардағы |

| 1   | 2  | 3                                 | 4  | 5   |
|-----|--|-----------------------------------|--|---|
|     | жөніндегі шараларды қабылдау   |                                   |  | маусым,<br>желтоқсан                              |
| 42. | Қазақстан аумағы арқылы жүктерді әуе көлігімен тасымалдауды 2028 жылға қарай 2 есеге арттыруды қамтамасыз ету  | Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет, «Самұрық-<br>Қазына» ҰӘҚ»<br>АҚ, Астана,<br>Алматы, Шымкент<br>қалаларының және<br>облыстардың<br>әкімдері | 2025 – 2028<br>жылдардағы<br>желтоқсан            |
| 43. | Катонқарағай, Зайсан және Кендірлі курорттық аймақтарына апаратын сапалы жол инфрақұрылымын жүргізе отырып, оның ішінде аэровокзал кешендері мен әуежайларды салудың есебінен олардың әлеуетін ашу | Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет, ҰҚК,<br>Шығыс Қазақстан<br>және Маңғыстау<br>облыстарының<br>әкімдері                                      | 2025 – 2026<br>жылдардағы<br>маусым,<br>желтоқсан |
| 44. | «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы ішкі туризмді дамыту үшін шағын авиация әуе кемелерін сатып алу  | Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет,<br>«Бәйтерек» ҰБХ»<br>АҚ,<br>«ӨДҚ» АҚ  | 2025 жылғы<br>ақпан, желтоқсан                    |
| 45. | Туристтік жобаларды іске асыру кезінде экологиялық теңгерімді сақтауға және тиісті аумақтарға экологиялық залал келтіруге жол бермеуге бағытталған жүйелі шараларды қабылдау                       | Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет, ПІБ,<br>Астана, Алматы,<br>Шымкент<br>қалаларының<br>және облыстардың<br>әкімдері                          | 2025 жылғы<br>мамыр                               |
| 46. | Гидротехникалық құрылысжайларды (бірінші кезекте су тасқыны қаупі бар аудандардағы) жөндеу мен жаңғырту жөніндегі шаралар кешенін, оның ішінде   | Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет   | 2025 жылғы<br>желтоқсан                           |

| 1   | 2  | 3                                      | 4  | 5                                      |
|-----|--|--|--|--|
|     | қарғын суды жинақтау жөніндегі іс-шараларды әзірлеу, сондай-ақ тасқындарды болжау мен модельдеудің ақпараттық жүйесін енгізу   |  |  |  |
| 47. | Экономиканың барлық салаларында, әсіресе ауыл шаруашылығы саласында су үнемдеу технологияларын пайдалануды ынталандыруға бағытталған шаралар қабылдау  | Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат      | Үкімет   | 2025 жылғы<br>сәуір, қазан             |
| 48. | Экономиканың су шаруашылығы секторына жекеше инвестицияларды тарту үшін жаңа тетіктер мен ынталандыруларды енгізу, сондай-ақ су (суармалы су) саласындағы тарифтік саясатты жетілдіру  | Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат      | Үкімет   | 2025 жылғы<br>маусым,<br>желтоқсан     |
| 49. | Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді қаржыландырудың жаңа моделін кезең-кезеңімен, оның ішінде білім беру гранттарының мөлшерін саралауды енгізу және оларды тиісті білім беру ұйымында жолға қойылған оқу процесінің сапасын ескере отырып бөлу арқылы енгізу | Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат      | Үкімет   | 2024 – 2026<br>жылдардағы<br>желтоқсан |
| 50. | Үміткерлерді іріктеу және ғалымдардың шетелде ғылыми тағылымдамадан өту қағидаларын жетілдіру  | Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат      | Үкімет   | 2025 жылғы<br>қаңтар                   |
| 51. | Жоғары нәтиже көрсеткен колледж түлектерін салалық мемлекеттік органдарға жұмысқа қабылдау мүмкіндігіне қатысты ұсыныстар енгізу   | Президент<br>Әкімшілігіне<br>ұсыныстар | МҚІА, Үкімет,<br>Астана, Алматы,<br>Шымкент<br>қалаларының<br>және облыстардың<br>әкімдері | 2024 жылғы<br>желтоқсан                |
| 52. | Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін  | Үкімет қаулысы                         | Үкімет, СЖРА,<br>Астана, Алматы,<br>Шымкент<br>қалаларының                                 | 2025 жылғы<br>сәуір                    |

| 1   | 2   | 3  | 4  | 5                    |
|-----|---|--|--|----------------------|
|     | реформалауға бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізу   |  | және облыстардың әкімдері  |                      |
| 53. | «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Заңға мемлекеттік наградалар жүйесіне түрлі салалардың жұмысшы мамандықтары мен мамандарының құрметті атақтарын енгізу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу  | заң жобасы                                       | Үкімет   | 2024 жылғы желтоқсан |
| 54. | 2025 жылы Жұмысшы мамандықтары жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту   | Президент Әкімшілігіне ақпарат                   | Үкімет, СЖРА, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері              | 2024 жылғы желтоқсан |
| 55. | «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы шеңберінде салынған мектептерді басқарудың тиімді жүйесін құру жөніндегі ұсыныстарды енгізу  | Президент Әкімшілігіне ұсыныстар                 | Үкімет, СЖРА, облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері | 2024 жылғы қараша    |
| 56. | 1300 мектепке реконструкциялау мен күрделі жөндеу жүргізу, оның ішінде:<br>мектептерді реконструкциялауда бірыңғай тәсілдерді қамтамасыз ету жөнінде заңнамалық шаралар қабылдау;<br>қаржыландыру тетіктері мен көздерін айқындау;<br>орта білім беру объектілерін реновациялау жөніндегі 2025 – 2027 жылдарға арналған жоспарды бекіту | заң жобасы<br><br>Президент Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері                    | 2025 жылғы ақпан     |
| 57. | «Әлеуметтік әмиян» құралы шеңберінде жеке меншік мектептерде білім алатын балалардың ата-аналарына  | Президент Әкімшілігіне ақпарат                   | Үкімет   | 2025 жылғы желтоқсан |

| 1   | 2   | 3                                      | 4           | 5  |
|-----|---|--|-------------|--|
|     | бала үшін білім беру ұйымдарына аударылатын бюджет қаражаты көлемінің көрсетіліп тұруын қамтамасыз ету  |  |             |  |
| 58. | Мемлекеттік тапсырысты «ақша баланың соңынан жүреді» қағидаты бойынша бөлу тетігінің ашықтығын бір мезгілде арттырып, отбасылардың нақты табысын ескере отырып, мектепке дейінгі білім беруді сараланған қаржыландырудың жаңа моделін енгізу  | заң жобасы                             | Үкімет      | 2025 жылғы тамыз                         |
| 59. | Базалық мемлекеттік медициналық көмектің көрсетілетін қызметтер пакетінің асып түсетін бөлігін міндетті медициналық сақтандыру жүйесі есебінен толтыра отырып, оның бюджеттің мүмкіндіктері мен міндеттемелері тұрғысынан теңдестірілген бірыңғай пакетін қалыптастыру  | заң жобасы                             | Үкімет      | 2025 жылғы мамыр                         |
| 60. | Меншік нысанына қарамастан, мемлекеттік тапсырыс алатын барлық денсаулық сақтау ұйымдарын қоса отырып, деректерді түпкілікті бақылауды және олардың объективтілігін қамтамасыз ету үшін бірыңғай мемлекеттік медициналық ақпараттық жүйені енгізу   | Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат      | Үкімет, ПІБ | 2025 – 2026 жылдардағы маусым, желтоқсан |
| 61. | Денсаулық сақтау мен білім беруде жекеше инвестициялардың орнына ақылға қонымды тариф ұсынуды қамтамасыз ететін (салынған қаражатты есептеу әдіснамасы және қорғау мен қайтаруды қамтамасыз ету тетігі) және бұл ретте мемлекеттің жобаларды іске асыру кезінде шамадан тыс қаржылық және өзге де міндеттемелерді өзіне алуына жол бермейтін мемлекеттік-жекешелік әріптестік бойынша жекелеген нормативтер мен қағидаларды | Президент<br>Әкімшілігіне<br>ұсыныстар | Үкімет      | 2024 жылғы желтоқсан                     |

| 1   | 2   | 3   | 4  | 5  |
|-----|---|---|--|--|
|     | қалыптастыру  |   |  |  |
| 62. | Бұқаралық спорт пен балалар спортын дамыту мақсатында спорт саласындағы заңнаманы жаңарту   | заң жобасы  | Үкімет   | 2025 жылғы шілде                         |
| 63. | «Әлеуметтік әмиян» құралын пайдаланып, азаматтардың нақты табыстарын ескере отырып, оларды қолдау шараларын шоғырландыратын нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу  | Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат                     | Үкімет, ҰБ, СЖРА   | 2025 жылғы қаңтар                        |
| 64. | Әділдік, ашықтық және тиімділік қағидаттарында әлеуметтік көмек көрсетуді қамтамасыз ететін «Әлеуметтік әмиян» құралын ендіру   | Ендірілуі туралы<br>Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет   | 2025 жылғы наурыз, маусым                |
| 65. | Елдің ірі өнеркәсіп орындарында қоршаған ортаға эмиссиялар бойынша деректерді мониторингтеу және беру жүйесін енгізу  | Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат                     | Үкімет   | 2025 – 2026 жылдардағы маусым, желтоқсан |
| 66. | Халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізе отырып, өңірлер әкімдерінің «Таза Қазақстан» бастамасын сапалы ұйымдастыруды және іске асыруды тұрақты негізде қамтамасыз етуі  | Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат                     | Үкімет, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері              | 2025 – 2029 жылдардағы желтоқсан         |
| 67. | Табиғатты, оның ішінде ел тұрғындарын теріс экологиялық факторлардың әсер етуінен қорғау мәселелерінде бизнестің рөлін жандандыру жөніндегі шараларды қабылдау  | Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат                     | Үкімет, БП, «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша)                                       | 2025 жылғы шілде                         |
| 68. | Азаматтар арасында тиісті ақпараттық-түсіндіру жұмысын қамтамасыз ете отырып, «Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерваты» РММ-ның отырғызу материалын өсіру бойынша тәжірибесін басқа орманды өңірлерге кеңінен тарату | Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат                     | Үкімет, облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері | 2025 – 2027 жылдардағы қараша            |

| 1   | 2   | 3   | 4                    | 5  |
|-----|---|---|----------------------|--|
| 69. | Кандидаттардың кәсіби және моральдық қасиеттерін, олардың алдыңғы лауазымдардағы нәтижелілігін ескере отырып, оларды мемлекеттік лауазымдарға тағайындауға, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдардың кадр процестерін автоматтандыруға қатысты ұсыныстар енгізу   | Президент<br>Әкімшілігіне<br>ұсыныстар<br><br>бірыңғай кадрлық<br>ақпараттық жүйенің<br>енгізілуі туралы<br>Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат | МҚІА, Үкімет,<br>ПШБ | 2024 жылғы<br>желтоқсан<br><br>2024 жылғы<br>желтоқсан,<br>2025 жылғы<br>наурыз, маусым,<br>қыркүйек,<br>желтоқсан |
| 70. | Өтініштермен жұмыс бойынша бірыңғай экожүйені қалыптастыру, оның ішінде:<br>мемлекеттік органдардың азаматтардың өтініштерін талдау арқылы олармен жұмыс жөніндегі жұмысын жетілдіру, нормативтік жағынан тиісті регламенттей отырып «е-Өтініш» жүйесінде мемлекеттік органдардың халықпен жұмысы бойынша бірыңғай білім базасын қалыптастыру және өзге де талдау құралдарын енгізу;<br>call-орталықтардың жұмысын стандарттау арқылы мемлекет пен қоғам арасындағы диалогты одан әрі дамытуды қамтамасыз ету | Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат   | Үкімет               | 2025 жылғы<br>шілде  |
| 71. | Мектептер, орта арнаулы және жоғары оқу орындары (экономикалық емес мамандықтар) үшін қаржылық сауаттылық негіздері бойынша оқу бағдарламаларының жобасын әзірлеу   | Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат   | ҰБ, ҚНРДА,<br>Үкімет | 2025 жылғы<br>сәуір  |
| 72. | Мектептер мен жоғары оқу орындарында қаржылық сауаттылық пен цифрлық гигиенаны қалыптастыруға бағытталған жаңартылған оқу бағдарламаларын енгізу  | Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат   | Үкімет, ҰБ,<br>ҚНРДА | 2025 жылғы<br>тамыз  |

| 1   | 2  | 3                                 | 4                          | 5   |
|-----|--|-----------------------------------|----------------------------|---|
| 73. | Есірткі заттарының заңсыз айналымына, алаяқтыққа, ұйымдасқан қылмыскерлікке және экстремизмге (діни радикалдарды қоса алғанда) қарсы іс-қимылға ерекше назар аудара отырып, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оларды кез келген құқыққа қайшы әрекеттерден қорғау, сондай-ақ құқық бұзушылық жасағаны үшін жазалардың бұлтартпастығын мүлтіксіз қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шараларды қабылдау | Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат | БП, ҰҚК, СЖҚА,<br>ҚМА, ІІМ | 2024 жылғы<br>желтоқсан,<br>2025 жылғы<br>шілде |
| 74. | «Құқық бұзушылықтардың профилактикасы туралы» Заң жобасын әзірлеу  | заң жобасы                        | Үкімет                     | 2025 жылғы<br>наурыз                            |
| 75. | Жол қауіпсіздігін, оның ішінде жол-көлік инфрақұрылымын жақсарту, зияткерлік жүйелерді енгізу, автомобильдердің техникалық жай-күйін және жүргізушілердің дайындық деңгейінің күшейтілуін тиісінше бақылау арқылы күшейту  | Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет                     | 2024 жылғы<br>желтоқсан,<br>2025 жылғы<br>шілде |
| 76. | Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда әскери қызметшілердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігіне басымдық бере отырып, құқықтық және әскери тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешенін қабылдау  | Президент<br>Әкімшілігіне ақпарат | Үкімет,<br>БП, ҰҚК, МКҚ    | 2024 жылғы<br>желтоқсан                         |

**Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:**

БҚДА

БП

ЖАП

ІІМ

ҚМА

ҚНРДА

МКҚ

– Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі

– Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы

– Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы

– Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі

– Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі

– Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

– Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі



МҚА  
ОСК  
ПБ  
СЖҚА

СЖРА  
ҰБ  
ҰҚК

«АМАНАТ» партиясы

«Атамекен» ҰКП

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ

«Қазақтелеком» АҚ

«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ

«QazaqGaz» ҰК» АҚ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ

«ӨДК» АҚ

«Самұрық-Қазына» ҰӘК» АҚ

АХҚО

АЭС

ЖЭО

РМК

РММ

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
  - Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы
  - Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы
  - Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет)
  - Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
  - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
  - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті
  - «АМАНАТ» саяси партиясы
  - «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
  - «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
  - «Қазақтелеком» акционерлік қоғамы
  - «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
  - «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
  - «QazaqGaz» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
  - «Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
  - «Өнеркәсіпті дамыту қоры» акционерлік қоғамы
  - «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
  - «Астана» халықаралық қаржы орталығы
  - атом электр станциясы
  - жылу электр орталығы
  - республикалық мемлекеттік кәсіпорны
  - республикалық мемлекеттік мекемесі
-